



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

**2021 жылдың бірінші жарты жылдығындағы
Қазақстан Республикасының төлем балансы туралы**

2021 жыл, 4 қазан

Қазақстан Ұлттық Банкі 2021 жылғы бірінші жартыжылдықтың қорытындысы бойынша **есептік төлем балансын** қалыптастырды. **Ағымдағы шоттың тапшылығы** 2021 жылғы тамызда жарияланған алдын ала бағалаумен салыстырғанда **757 млн АҚШ долларына** ұлғайып, **2,4 млрд АҚШ долларын** құрады.

Алдын ала бағалау мен қорытынды деректер арасындағы айырмашылық, ең алдымен, 2021 жылдың екінші тоқсанындағы төлем балансы бойынша кәсіпорындардың түпкілікті есептерін алуға байланысты.

Шетелдік тікелей инвесторлардың кірісі алдын ала бағалаумен салыстырғанда **893 млн АҚШ долларына** өскен кірістер балансында ең үлкен өзгеріс болды. Алдын ала бағалауды жариялау кезінде қалыптасқан көрсеткіштер 2021 жылдың екінші тоқсанында **шетелдік инвесторлар кірісінің өсуін бағаламады**.

Шетелдік инвесторлар кірісінің өсуі негізгі құрауыштар – дивидендтер бойынша және қайта инвестицияланған пайда бойынша байқалады. Мұндай кірістердің басым бөлігі мұнай-газ, өзге де тау-кен өндіру, қаржы секторларына тиесілі.

Сауда балансы бойынша алдын ала бағалауға қатысты өзгерістер шамалы және уәкілетті органдардың сауда мен респонденттердің есебін жаңартуға байланысты. Тауарлар **экспорты (-) 8,7 млн АҚШ долларын** құрады, ал **импорт 49,4 млн АҚШ долларына** ұлғайды.

Қорытынды төлем балансы бойынша толығырақ ақпарат Ұлттық Банктің интернет-ресурсында «Статистика/Сыртқы сектор статистикасы/Төлем балансы бөлімінде» жарияланды.

Толығырақ ақпаратты мына телефон арқылы алуға болады:

+7 (7172) 77 52 10

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz